

Құрметті достар!
Біз сіздерді виртуалдық «Достық үйінде» қарсы алуға
қуаныштымыз!

Бұл жоба Еуразиялық экономикалық қауымдастығындағы елдердің білім беру жүйесі әрекеттестігінің аясында өткізілетін оқушылардың оқу-зерттеушілік жұмысының «Салют, Жеңіс!» атты Халықаралық өлкетану байқауы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің жылына *(Минскідегі 2013 жылғы 25 қазандағы мемлекет басшылары кеңесінің шешімі)* арналған.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығының мерейтойы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы қатысушылары үшін өте маңызды, ерекше мәні бар кезең болып табылады. Ең бастысы бұл баршамыздың тарихы, біздің елдеріміздің тәуелсіздігі мен бостандығы үшін өз өмірі мен күшін аямай күрескен жауынгерлер туралы, барша ұлттардың жауынгерлік достығы, теңдесі жоқ батырлық, ерлік туралы бейне. Ұлы Жеңіс болашақта да барлық мемлекеттерді, халықтарды біріктіреді.

Байқауды «Федералдық балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану орталығы» ФМББҰ БҚБО, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, А.Остапец-Свешников атындағы халықаралық балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану академиясы өткізеді.

Байқау «Отечество», «Менің Отаным – Қазақстан» ТМД оқушыларының туристік-өлкетану қозғалысының практикалық бөлімі болып табылады.

Байқау білім алушылардың зерттеушілік жұмыстарын әрі қарай дамыту, жеңімпаздардың, жүлдегерлердің, дипломанттардың және олардың жетекшілерінің жеке үлестерін көпшілікке таныту мақсатында өткізіледі және келесі міндеттерді алға қояды:

- жалпы рухани және мәдени кеңестікті құрудағы, ұлтаралық келісімді қолдаудағы өз үлесін қосатын туристік-өлкетану қызметі арқылы өскелең ұрпақтың білім беру мазмұны мен ұйымдастыруын жетілдіру;
- өлкетану саласында дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау;
- туған өлкесінің этностық-мәдени мұрасына ұқыпты қарауды тәрбиелеу;
- әлемдегі өзара түсіністікті нығайтуға, әлемдік мәдениет құндылықтарын өзара кіріктіруге бағытталған халықаралық жастар ынтымақтастығын дамыту.

Байқауға келесі жастағы білім алушылар қатысады:

- кіші топ – 13 жасты қоса;
- ересек топ 14-18 жас.

Байқауға тек жеке қатысуға рұқсат етіледі.

Халықаралық өлкетану байқауына қатысушылардың зерттеу жұмыстары Байқауды ұйымдастыру комитетінің www.ziyatker.org сайтында виртуалдық «Достық үйінде» жарияланады.